



# Nur Qorǵaljyn

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан  
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 56 (648) БЕЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ



## Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – барша отандастарымызды ынтымақ пен бірлікке бастайтын күн. Қазақстан Республикасының негізін қалаушы – еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында еліміз дамудың ілгерілеу мен өркендеу жолымен өсіп келеді. «Тарихты тұлғалар жасайды» дегендей, әр ұлттың, әр мемлекеттің өзіндік тарихын қалыптастырған ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама уақыт өтсе де, сол ұлттың данасы ретінде санаға бекіп, адамзаттың ортақ азаматына айналады.

Бұл ретте, егемен Қазақстанның негізін салудың және нығайтудың тарихи миссиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі деп білеміз. Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы Президент барша қазақстандық мойындаған және халықаралық қоғамдастық тарапынан құрметке ие болған кемеңгер тұлға. Нұрсұлтан Әбішұлының жасаған жобалары мен саяси реформалары біздің елді аз уақыттың ішінде үлкен белестерге жеткізіп, әлемге танытты. Қазақстан Орта Азияның кіндігі, Еуразияның жүрегі деп танылған мемлекет болып қалыптасты. Болашақта мемлекетімізге осы жолдан таймай, одан да жоғары жетістіктер жетіп, биіктерді еңсеруді тілеймін!

Құрметпен Жанбаев Берік Амантайұлы,  
Қорғалжын ауданының әкімі.

## Қорғалжын ауданында «Тұңғыш Президент» күні аталып өтті

Еліміздегі аса маңызды мерекелердің бірі «Тұңғыш Президент» күні. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың отыз жылға жуық уақыт ел басқарып, Қазақстанды дүниежүзіне танытып, бүтін мемлекет қылып, өз қолымен соққан мыс ыдыстай мықты етіп жасап шыққандағы еңбегіне берілген марапат деп білеміз. Мақсаты даналығымен есте қалып, тарихи мақтанышымызға айналатын тұлғаны ертеңгі ұрпақтың қаперіне қалдырып, бойына сіңіріп өсіру. Біз шынында да, Нұрсұлтан Әбішұлы секілді мықты саясаткердің арқасында пікірімізбен дүние жүзі санасатын елге айналдық.



Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы да осы айтулы мерекені барынша жоғары деңгейде атап өтті. Себебі, Қорғалжын ауданында Тұңғыш Президент тағылымы турасында жыл сайын рухани, мәдени-ағартушылық маңызды бар іс-шаралар көптеп өткізіліп келеді. Биыл міне Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында аудандық Мәдениет үйінде «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты іс-шара өткізілді. Мерекелік жиынға Қорғалжын ауданының әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы, аудан әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы, Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мадияр Серікұлы және ауылдық округ әкімдері қатысты. Аудан әкімі Берік Амантайұлы жиынға кел-

ген көрермендерді және барша аудан тұрғындарын «Тұңғыш Президент» күнімен құттықтап, игі тілектерін білдірді. Сонымен қатар, салтанатты іс-шара үстінде «Nur Otan» партиясының мүшелігіне жаңадан қабылданған бір қатар мемлекеттік қызметкерлерге партия мүшесі куәлігі табысталды. Оған қаса, жақсы жағалықтардың жалғасы Ақмола облыстық «Ономастика-ел айнасы» атты онлайн байқауының 2 орын иегері, Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Халым Панияға, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ақмола жұлдыздары» аудандық халық шығармашылық байқауы аясында өткізілген «Ақмола шеберлері» атты көрмеге белсене қатысқан қолөнер шеберлеріне «Ақмола жұлдыздары» облыстық ұйымдастыру алқасының арнайы дипломдары салтанатты түрде табысталды. Мерекелік шараның соңында «Тәуелсіздік және Елбасы» атты қысқа метражды фильм көрсетіліп, әндерден шашу шашылды.

#Qazaqstan30 #Aqmola30kz @qazaqstan30jyl



## ЕЛБАСЫНЫҢ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Қорғалжын ауданы «Тұңғыш Президент» күніне орай мерекелік іс-шаралар легін одан әрі жалғастыруда. Сондай шараның бірін К.Күмісбеков атындағы Қорғалжын аудандық Мәдениет үйі және ауданымыздағы Орталық кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының сүйікті әндерін шырқауға арналған мерекелік кеш өтті. Кеште Елбасының сүйіп тыңдайтын «Көзімнің қарасы», «Қоғда весна придет, не знаю» секілді әндерін ауданымыздың жезтаңдай әншілері Асқар Садвақасов пен Төрежан Бейсембеков жүрекке жеткізе орындап шықты. Елбасының шығармашылығынан туындаған «Елім менің» әнін караоке сүйемелдеуімен тұтас көрермен болып орындалды. Мерекелік іс-шараның басы әнмен басталып, соңы әуенмен аяқталды.

#Qazaqstan30 #Aqmola30kz @qazaqstan30jyl

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында Амангелді ауылдық округі Өркендеу ауылында футбол алаңы салынды. Футбол алаңы балалар мен жасөспірімдерге үлкен тарту болды. Салауатты өмір салтын ұстанам деген кез-келген адамға бұл үлкен мүмкіндік. Қорғалжын ауданының әкімі Жанбаев

Берік Амантайұлы, Қорғалжын аудандық мәслихат хатшысы Рыспаев Берік Оралбайұлы Тұңғыш президент күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиынға қатысып, ауылдағы спорт сүйер қауым мен жас өспірім балаларға құттықтау тілектерін білдірді.

#Qazaqstan30 #Aqmola30kz @qazaqstan30jyl



ЖОБА

**Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылына және елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу Қағидаларын бекіту туралы**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3 бабы 2 тармағы 11) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабы 1 тармағы 16-5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылына және елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу Қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Ғ.С.Мұхамеддиге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданының әкімі

Б. Жанбаев

Қорғалжын ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_ қаулысымен  
бекітілді

**Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылына және елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу Қағидасы**

**1 Тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қорғалжын ауданында және Қорғалжын ауылында бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-3 бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылына және елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сәулеттік келбет (стиль) – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыс салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыс салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен учаске аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады;

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүлктен тұратын біртұтас мүлктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

7) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де

бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

8) көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

9) көппәтерлі тұрғын үйдің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және дауыс беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы;

**2 Тарау. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі**

3. «Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) «Қорғалжын ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп қаланың бір бөлігіне бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін, қасбеттерге және (немесе) шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін анықтайды.

4. Қағиданың аталған 3 тармағында көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі анықталғаннан кейін «Қорғалжын ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауданның бірыңғай сәулеттік келбетін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады.

5. «Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қорғалжын ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп келесі іс-шараларды ұйымдастырады:

1) ауданның немесе оның бір бөлігінің бірыңғай сәулеттік келбетінің жобасымен бекіте отырып, көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй – жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін таныстыру;

2) көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтер және тұрғын емес үй-жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін жоспарланған жұмыстар және оларды жүргізудің болжамды мерзімдері туралы ақпараттандыру;

3) көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеттерін және (немесе) шатырын жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісім беру немесе келіспеу туралы шешім қабылдай отырып, пәтер және тұрғын емес үй – жайлардың меншік иелерінің жиналысын ұйымдастыру.

6. Жиналыс пәтер иелерінің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы санының үштен екісінен астамы болған кезде шешім қабылдайды.

7. Жиналыс теріс шешім қабылдаған жағдайда, көп пәтерлі тұрғын үйдің қасбетін, шатырын жөндеу бойынша бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған жұмыстар жүргізілмейді.

8. Жиналыс оң шешім қабылдаған кезде «Ақмола облысы Қорғалжын ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Қорғалжын ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес жұмыс көлемін, жөндеу типін (ағымдағы немесе күрделі) айқындау және олардың физикалық тозу дәрежесін белгілеу үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің қасбетінің, шатырының техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

**3 Тарау. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі**

9. Жиналыстың оң шешімі қабылданған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес жұмыстардың құрамы мен көлемін белгілеу, бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбетті және (немесе) шатырды жөндеу үлгісін (ағымдағы немесе күрделі) айқындау үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

10. Үйдің техникалық жай-күйін тексеру қорытындысы бойынша бөлім ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу немесе күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау жұмыстарын ұйымдастырады, кейіннен жергілікті бюджет қаражаты есебінен тиісті жобалар бойынша сараптама қорытындысын алады.

11. Сараптаманың оң қорытындысын және ағымдағы жөндеудің сметалық құны немесе көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбетін, шатырын күрделі жөндеудің жобалау-сметалық құжаттамасы бекітілгеннен кейін бөлім бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды.

12. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуды бөлім мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

13. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдауды бөлім техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды тарта отырып жүзеге асырады.

**4 Тарау. Қорытынды ережелер**

14. Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылына және елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.



ПРОЕКТ

**Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика селу Коргалжын и населенных пунктов Коргалжынского района**

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», подпунктом 16-5) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан», акимат Коргалжынского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика селу Коргалжын и населенным пунктам Коргалжынского района.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Коргалжынского района Мухамедди Г-С.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким Коргалжынского района**

**Б. Жанбаев**

Утверждены постановлением  
Акмата Коргалжынского  
района  
от «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 года  
№ \_\_\_\_\_

**Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика селу Коргалжын и населенным пунктам Коргалжынского района**

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящие Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика в Коргалжынском районе и селу Коргалжын (далее – Правила) разработаны в соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» (далее – Закон) иными нормативными правовыми актами и определяют порядок организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика в селу Коргалжын и населенных пунктах Коргалжынского района.

В настоящих Правилах применяются следующие основные понятия:

1) единый архитектурный стиль - совокупность единых признаков, используемых в строительстве, характерная для определенного района застройки территории, в том числе индивидуальной застройки. Основными параметрами являются внешний облик, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы. Для района индивидуальной застройки основными параметрами являются внешний облик, архитектурный стиль, цветовое решение, этажность, отделочные материалы, ограждения, тип кровли и расположение хозяйственно-бытовых построек на территории участка;

2) объект кондоминиума - единый имущественный комплекс, состоящий из квартир, нежилых помещений, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности, и общего имущества, которое не может находиться в индивидуальной (раздельной) собственности и принадлежит собственникам квартир, нежилых помещений на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок;

3) общее имущество объекта кондоминиума - части объекта кондоминиума (фасады, подъезды, вестибюли, холлы, коридоры, лестничные марши и лестничные площадки, крыши, чердаки, технические этажи, подвалы, общедомовые инженерные системы и оборудование, абонентские почтовые ящики, земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок, элементы благоустройства и другое имущество общего пользования), кроме квартир, нежилых помещений, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности;

4) текущий ремонт общего имущества объекта кондоминиума - комплекс своевременных технических мероприятий и работ по замене или восстановлению составных частей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома, установленных нормативной и технической документацией, проводимых с целью предотвращения их преждевременного износа и устранения неисправности;

5) капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума - комплекс мероприятий и работ по замене изношенных конструкций, деталей и инженерного оборудования многоквартирного жилого дома на новые или более прочные и экономичные, улучшающие эксплуатационные показатели ремонтируемых объектов, проводимых с целью восстановления ресурса многоквартирного жилого дома;

6) содержание общего имущества объекта кондоминиума - комплекс работ или услуг по технической эксплуатации, санитарному содержанию и текущему ремонту общего имущества объекта кондоминиума;

7) многоквартирный жилой дом - отдельно стоящее здание с единым фундаментом на едином неделимом земельном участке, состоящее из обще-

го имущества объекта кондоминиума, которое является общей долевой собственностью, и двух и более квартир, нежилых помещений, имеющих самостоятельные выходы на земельный участок, прилегающий к многоквартирному жилому дому, либо в иные части общего имущества объекта кондоминиума;

8) кондоминиум многоквартирного жилого дома (далее - кондоминиум) - форма собственности, зарегистрированная в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан, при которой квартиры, нежилые помещения находятся в индивидуальной (раздельной) собственности, а те части, которые не находятся в индивидуальной (раздельной) собственности, принадлежат собственникам квартир, нежилых помещений на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок;

9) собрание собственников квартир, нежилых помещений многоквартирного жилого дома (далее - собрание) - высший орган управления объектом кондоминиума, обеспечивающий коллективное обсуждение и принятие решений собственниками квартир, нежилых помещений, связанных с управлением объектом кондоминиума и содержанием общего имущества объекта кондоминиума, путем голосования.

**Глава 2. Порядок организации мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов**

3. Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Коргалжынского района Акмолинской области» (далее Отдел) совместно с государственным учреждением «Аппарат акима Коргалжынского района» определяют перечень многоквартирных жилых домов, требующих проведения текущего или капитального ремонта фасадов, кровли для придания городу единого архитектурного облика.

4. Государственное учреждение «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства Коргалжынского района» после определения перечня многоквартирных жилых домов, указанных в пункте 3 Правил, обеспечивает разработку и утверждение единого архитектурного облика района.

5. Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Коргалжынского района Акмолинской области» совместно с государственным учреждением «Аппарат акима Коргалжынского района» организует следующие мероприятия:

1) ознакомление собственников квартир, нежилых помещений (при их наличии) многоквартирного жилого дома с проектом единого архитектурного облика района на официальном интернет-ресурсе акимата;

2) информирование собственников квартир и нежилых помещений (при их наличии) многоквартирного жилого дома о планируемых работах и примерных сроках их проведения;

3) организация и проведение собрания собственников квартир, нежилых помещений (при их наличии) для принятия решения о согласии или несогласии проведения ремонтных работ фасада, кровли многоквартирного жилого дома.

6. Собрание принимает решение при наличии более двух третей от общего числа собственников квартир, нежилых помещений.

7. В случае принятия собранием отрицательного решения работы по ремонту фасада, кровли многоквартирного жилого дома, направленные на придание единого архитектурного облика, не производятся.

8. При принятии собранием положительного решения Государственным учреждением «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Коргалжынского района Акмолинской области» и государственным учреждением «Аппарат акима Коргалжынского района», в соответствии с требованиями строительных норм, организует обследование технического состояния фасада, кровли каждого многоквартирного жилого дома для определения объема работ, типа ремонта (текущий или капитальный) и установления степени их физического износа.

**Глава 3. Порядок проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов**

9. Выбор организации по обследованию технического состояния фасада, кровли каждого многоквартирного жилого дома для определения объема работ, типа ремонта (текущий или капитальный) осуществляется в соответствии с законодательством о государственных закупках.

10. По итогам обследования технического состояния фасада, кровли многоквартирного жилого дома отдел организует работу по разработке сметного расчета текущего ремонта или изготовлению проектно-сметной документации на капитальный ремонт фасада, кровли, направленного на придание единого архитектурного облика, с последующим получением заключения экспертизы за счет средств местного бюджета.

11. После получения положительного заключения экспертизы и утверждения сметной стоимости текущего ремонта или проектно-сметной документации капитального ремонта фасада, кровли многоквартирных жилых домов, отдел составляет бюджетную заявку в соответствии с порядком, определенным центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию.

12. Приобретение работ по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется отделом в соответствии с законодательством о государственных закупках.

13. Приемка работ по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, осуществляется отделом с привлечением лиц, осуществляющих технический надзор.

**Глава 4. Заключительные положения**

14. Финансирование мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика селу Коргалжын и населенным пунктам Коргалжынского района, осуществляется из средств местного бюджета.



## В Коргалжинском районном суде 10 заявлений о признании недвижимого имущества бесхозным удовлетворены судом

Согласно статье 242 части 3 Гражданского кодекса, «Бесхозные недвижимые вещи принимаются на учет органом, осуществляющим государственную регистрацию прав на недвижимое имущество, по заявлению местных исполнительных органов городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения, на территории которых они выявлены».

По истечении года со дня постановки бесхозной недвижимой вещи на учет местный исполнительный орган обращается в суд с требованием о признании этой вещи поступившей в коммунальную собственность».

В заявлении органа, уполномоченного на управление коммунальным имуществом, о признании права коммунальной собственности на недвижимое имущество должно быть указано, какое имущество подлежит признанию бесхозным, кем и каким образом оно выявлено и в какое время поставлено на учет в качестве бесхозного, а также приведены доказательства, свидетельствующие об оставлении этого имущества собственником без намерения сохранения права собственности на него.



На основании статьи 256 Гражданского процессуального кодекса, заявление о признании права коммунальной собственности на недвижимое имущество подается в суд по месту нахождения этого имущества органом, уполномоченным управлять коммунальным имуществом.

Так в Коргалжинском районном суде с начала года рассмотрены 10 гражданских дела по заявлению акимата Коргалжинского района о признании недвижимого имущества бесхозным и признании права коммунальной собственности. Все заявления удовлетворены.

Заведующий канцелярией  
Коргалжинского районного суда  
Б.Изахметов

## Экстремизм.net

Қазіргі уақытта интернет пен түрлі әлеуметтік желілер параллель шындыққа айналды, онда пайдаланушылар кез келген ақпаратты дереу және жасырын жағдайда тарата алады.

Әр түрлі деструктивті ағымдардың идеологтары әлеуметтік желілерге көшуге, олардың қатарына жаңадан қабылданушыларды қабылдауға және радикализм мен экстремизмді ешқандай проблемасыз насихаттауға мүмкіндік алды. Бұған қарсы тұру үшін олардың қалай тартылатындығын, қандай әдістерді қолданатынын және не істеу керектігін анықтау қажет.

Сізді арбауға тырысатындығын қалай түсінуге болады?

- Басқа пайдаланушы сіздің «посттарға» белсенді «лайк» басады, түсініктеме қалдырады, «жекеге» жазады және достарыңызға қосылуға тырысады.

- Өз парағыңызда немесе интернеттегі форумда бейтаныс адам сіздің жеке проблемаларыңызға белсенді түрде жанаушы болады.

- Сізбен әлеуметтік желіде танысқан адам бірте-бірте әңгіме тақырыбын әлеуметтік әділетсіздікке жылжыта бастайды, қазіргі мемлекеттік құрылысты бұзуға, «жаңа әлем үшін» күресуге шақырады.

- Ол сіз үшін эмоционалды қиын кезеңде моральдық қолдауды уәде етеді.

«Қасиетті соғысқа» - жиһадқа, нағыз мұсылман ретіндегі міндетін орындау, бауырластарға сенім арқылы көмектесу қажеттілігіне шақыру арқылы жас жігітті қызықтырады. Сонымен қатар арбаушылар жастардың ерлік идеяна деген ұмтылысына - нағыз жауынгер болуға немерсе жоғары табыс ұсынуға, түрлі материалдық байлықтарға қол жеткізуге және тұтқында болған әйелдерге деген ұмтылысына назар аудара алады.

Қыздарды тарту туралы айтатын болсақ, арбаушы оларға бақытты неке мен мықты

отбасы уәде беріп, аяушылық сезіміне шақырады, жауынгерлерге моральдық қолдау көрсету қажеттілігін насихаттайды.

### Арбау әдістері:

- зайырлы заңдар мен дәстүрлерге түбегейлі баптап, олар «сіздің өміріңізді және айналаңыздағы әлем туралы идеяларды өзгертетін» кітаптарды, бейнелерді, интернет сілтемелерін қатаң ұсынады.

- дәстүрлі ислам өкілдерінің қызметіне нұқсан келтіретін, псевдосалафиттік идеологияны насихаттайтын жалған және арандатушылық материалдарды таратады.

- үкіметке және оның өкілдеріне, сондай-ақ онымен қарым-қатынас жасайтын адамдарға деген өшпенділік пен дұшпандықты иландырады.

- Олар сізді әдеттегі достар шеңберінен шығаруға тырысып, «сізді бағаламайтын адамдармен араласуға», «жаңа достар табуға» шақырады.

- олар туыстарын «харам» жейді, ал айналасындағыларды «кәпірлер» деп атайды.

Арбаушының қысымына қалай қарсы тұруға болады?

- желіде бейтаныс адам сіздің сеніміңізге кіруге тырысып жатқан болса, сақ сөйлесіңіз.

- егер сіз жаңа интернет-досыңыздың қатты қысымын сезсеңіз, оны бұғаттаудан тартынбаңыз.

ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫҢЫЗДЫ  
Э К С Т Р Е М И С Т І К И Д Е Я Л А Р Д Ы Ң  
Ы Қ П А Л Ы Н А Н С А Қ Т А Ң Ы З

Н. Нурмагамбетов,

Ақмола облысы Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы талдау және мониторинг бөлімінің басшысы

## «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттар жиынтығын түсіндіру жұмыстары

29 қараша мен 03 желтоқсан күндері аралығында «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттар жиынтығын түсіндіру мақсатында бастауыш партия ұйымдарының жиналысын өткізу кестесіне сәйкес ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері «Амангелді», «Арықты», «Қарашалғын», «Сабынды», «Кеңбидайық», «Қызылсай», «Майшұқыр», «Қорғалжын», «Білім» бастауыш партия ұйым мүшелерімен кездесулет өтті.

Жиналысқа білім беру ұйымдары, Қорғалжын аудан әкімдігі бөлімдері, мәдениет саласы қызметкерлері ат салысып қатысты. Қорғалжын ауданы бойынша ауылдық округінің әкімдері яғни бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, Қорғалжын аудандық мәслихат депутаттары өткізді. Бастауыш партия ұйымдары жиналысының мақсаты - 2021 жылғы 23 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен.

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында айтылған Елдіктің жеті тұғырымен таныстыру, әрбір Қазақстан аза-



маттарына жеткізу. Партияның саяси тұғырнамасына енген 7 құндылық әрбір қазақстандыққа түсінікті және жақын. Олар – Адамгершілік, Бостандық, Заң үстемдігі, Әділеттілік, Ынтымақ, Болашаққа ұмтылыс, Отбасы және дәстүр.

«Мемлекеттіліктің жеті тұғыры» қағидаттар жинағы – Елбасының саяси тәжірибесінің саяси-философиялық түсінігі мен жалпылауы. Онда халқымыздың озық тәжірибесі мен ұлттық тарихи-мәдени дәстүрлері ескерілгендігі туралы айтылды.

Ахметова Айгерим Муратовна,  
Қорғалжын аудандық  
«Nur Otan» партиясы  
филиалының есеп және санақ  
бөлімінің меңгерушісі



Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!  
"Нұр-Қорғалжын" аудандық газетіне жазылудың жаңа маусымының басталғаны жөнінде хабарлаймыз!  
Ауданымыздың 100 жылға жуық тарихы бар, кішкентай хабаршыға баршаңызды жазылуға шақырамыз!

### Жазылу бағасы:

Жеке тұлғалар үшін  
(ИНДЕКС 65819)

1 айға – 391,21 т.,

3 айға – 1173,63 т.

6 айға – 2347,26 т.

12 айға – 4694, 52 т.

Заңда тұлғалар үшін  
(ИНДЕКС 15819)

1 айға – 426,21 т.

3 айға – 1278,63 т.

6 айға – 2557,26 т.

12 айға – 5114, 52 т.

В Связи со смертью гр. Кумисбековой Сары Шамшиевны умершей 17 октября 2021 года, открылось наследство. Срок обращения наследников к нотариусу Саутовой С.М. до 17 апреля 2022 года.

В Связи со смертью гр. Ермака Атаханова умершего 30 июля 2021 года, открылось наследство. Просим наследников обратиться к нотариусу Н.Мамбетбаеву.

В Связи со смертью гр. Тубековой Алтын Умралиевны умершей 29 января 2008 года, открылось наследство. Просим наследников обратиться к нотариусу Н.Мамбетбаеву.

В Связи со смертью гр. Кожебаевой Алтын Космановны умершей 29 декабря 1993 года, открылось наследство. Просим наследников обратиться к нотариусу Н.Мамбетбаеву.

Құрылтайшы меншік иесі:  
ЖШС «Нұр-АяуЖан»  
Директор/редактор:  
Ботагөз Тажимова  
Дизайнер-беттеуші:  
Абдрасимова Айнагул

Мекен-жайы:  
Ақмола облысы,  
Қорғалжын ауылы,  
Досымсейіт Отарбеков  
көшесі 9,  
тел: +77028476242

Газет  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат  
министрлігі  
Ақпарат және Мұрағат  
комитетінде тіркеліп,  
№12797-Г куәлік алған  
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»  
«Нұр-АяуЖан» ЖШС  
редакциясында теріліп жиналды,  
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС  
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,  
Тапсырыс № 647  
Таралымы 600 дана  
Аптаның әр бейсенбі  
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның  
көз-қарасын білдірмейді.  
\*\*\*\*\*  
Қол жазба рецензияланбайды  
және авторға қайтарылмайды  
\*\*\*\*\*  
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
\*\*\*\*\*  
Ұсынылған материалдардағы фактілер  
үшін автор жауап береді  
\*\*\*\*\*  
Интернеттен алынған ақпараттар  
басқа автор атынан жарияланбайды.